

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
“Биотехнология” ғылыми -зерттеу орталығы
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Биология және балық шаруашылығы кафедрасы
Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті
Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасы



Физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор
Сариев Амангелді Дулатұлының және
биология ғылымдарының докторы, профессор
Сағындықова София Зұлхарнайқызының



Мерейлі жастарына арналған
ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісінің
БАҒДАРЛАМАСЫ

Атырау, 2026

Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Сариев Амангелді Дулатұлының және Халықаралық экология және тіршілік қауіпсіздігі академиясының (МАНЭБ) және Ресей жаратылыстану академиясының академигі, Халықаралық ISESKO (ИСЕСКО) сыйлығының лауреаты, профессор, биология ғылымдарының докторы Сағындықова София Зұлхарнайқызының мерейлі жастарына арналған ғылыми Кеңестің кеңейтілген мәжілісінің
БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін уақыты мен орны: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Бас оқу ғимараты, 2-қабат, Ғылыми Кеңес залы.

Сағат. 15.00-17.30. 2 сәуір, 2026 жыл.

Форматы: Офлайн - онлайн

ZOOM Идентификатор 987 5146 6031

Пароль: 0059

Регламент: 5-7 мин.

Модератор: Идрисов Саламат Нұрмұханұлы - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы - ректор

| <i>№</i> | <i>Уақыт</i> | |
|---------------------|--------------------|---|
| <i>1.</i> | <i>15.00-15.10</i> | <i>Кіріспе сөз</i> Идрисов Саламат Нұрмұханұлы <i>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор</i> |
| <i>2</i> | <i>15.10-15.20</i> | <i>Мерейгерлердің өмір жолына арналған бейнебаян</i> |
| ҚҰТТЫҚТАУЛАР | | |
| <i>3</i> | <i>15.20-15.25</i> | Саданов Аманкелді Курбанович <i>биология ғылымдарының докторы, профессор, академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, "Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС басшысы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы (онлайн)</i> |
| <i>4</i> | <i>15.25-15.30</i> | Сыдықов Галым Мубаракұлы <i>физика- математика ғылымдарының кандидаты ЖШС "Демеу" басшысы Алматы қ., Қазақстан Республикасы</i> |
| <i>5</i> | <i>15.30-15.35</i> | Шарипбаев Алтынбек Амирович <i>физика-математика ғылымдарының кандидаты, техника ғылымдарының докторы, ҚР ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халықаралық ақпараттандыру академиясының және Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. Астана қ., Қазақстан Республикасы (онлайн)</i> |

| | | |
|----|-------------|---|
| 6 | 15.35-15.40 | Утешов Мурат Сактаевич "Ардагерлер ұйымы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалының басшысы Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 7 | 15.40-15.45 | Ирзағалиев Косыбек Салтанатұлы ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 8 | 15.45-15.50 | Құлжанов Дүйсенбек Орынғалиұлы Физика – математика ғылымдарының докторы, профессор С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 9 | 15.50-15.55 | Ганбаров Худаверди Ганбарович Биология ғылымдарының докторы профессор, "Микробиология және Вирусология" ғылыми – зерттеу зертханасының меңгерушісі Баку мемлекеттік университеті, Баку қ. Әзербайджан мемлекеті (онлайн) |
| 10 | 15.55-16.00 | Сенькина Гульжан Ержановна Педагогика ғылымдарының докторы Смоленск мемлекеттік университеті, Смоленск қ., Ресей Федерациясы, (онлайн) |
| 11 | 16.00-16.05 | Кенжегулов Бекет Зинеиұлы техника ғылымдарының докторы, профессор Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 12 | 16.05-16.10 | Аққали Ахмет Қабиджанұлы тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің кәсіподақ төрағасы Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 13 | 16.10-16.20 | Сүндетова Гүлмайдан Сүндетқызы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, әнші – композитор Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 14 | 16.20-16.25 | Факультет декандар Муханбетжанова Ақмарал Утепбергеновна - п.ғ.д., профессор Аймуратов Сағынгерей Болатқалиұлы ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Уталиева Райхан Сагитжановна – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Амангазиева Мерует Кусаиновна – ф.ғ.к., профессор Есенаманова Мансия Санаковна – т.ғ.к., профессор Асанова Бактыгул Унгарсиновна – PhD, қауымдастырылған профессор |
| 15 | 16.25-16.30 | Қалдыбек Құрманәліұлы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті композитор Алматы қ., Қазақстан Республикасы (онлайн) |

| | | |
|----|--------------|--|
| 16 | 16.30-16.35 | Ізімова Роза Ізімқызы медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы (онлайн) |
| 17 | 16.35-16.40 | Науанова Айнаш Пахушовна биология ғылымдарының докторы, профессор, «БИО-КАТУ» ЖШС директоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы (онлайн) |
| 18 | 16.40-16.45 | Камелова Сания Ибрагимовна Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, А.С.Пушкин атындағы халықаралық медальдың иегері |
| 19 | 16.45-16.50 | Жумагулова Калампыр Абжаппаровна педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Бремен қ., Германия (онлайн) |
| 20 | 16.50-16.55 | Абай Әділбек «Балық – мектеп» директоры Алматы қ., Қазақстан Республикасы (онлайн) |
| 21 | 16.55-17.00 | Булекова Аинагул Каиржановна № 8 Утеішқали Атамбаев атындағы орта мектебінің директоры, педагог-шебер Атырау қ., Қазақстан Республикасы Габдуллина Зулипа - София Зулхарнайқызының ұстазы Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 22 | 17.00-17.10. | Шеркешбаева Бақыт Кеңесқызы Физика-математика ғылымдарының кандидаты, С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінің директоры Атырау қ., Қазақстан Республикасы |
| 23 | 17.10-17.15 | Ғылыми Кеңестің кеңейтілген мәжілісі Қорытынды сөз модератор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы - ректоры |
| 24 | | Қатысушылардың естелік фотоға түсуі |

Өмірбаян



Аманкелді Дулатұлы Сариев – 1951 жылы 10 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау ауданы, Ащысай кентінде дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар болып, мектепті алтын медальмен аяқтауы оның болашақ ғылым жолына деген алғашқы нық қадамы болды.

1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне түсіп, 1974 жылы «математика» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Университет қабырғасында алған терең теориялық білім оның кейінгі ғылыми ізденістеріне берік негіз қалады.

Еңбек жолын сол жылы Гурьев педагогикалық институтында бастап, 12 жыл бойы жас мамандарды даярлауға атсалысты. Кейін Алматы қаласындағы сәулет-құрылыс институтында жоғары математика кафедрасында оқытушы, доцент қызметтерін атқарып, ғылым мен білімнің ұштасуына үлес қосты.

1991 жылы көрнекті ғалым, академик Өмірзақ Сұлтанғазиннің ғылыми жетекшілігімен «кейбір кері тасымалдау есептерінің жалпы корректілігі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл еңбек математиканың күрделі салаларының бірі – кері есептер теориясына қосылған маңызды ғылыми үлес болды.

2001 жылдан бастап Атырау мұнай және газ институтында, кейін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде түрлі жауапты қызметтер атқарды: біліктілікті арттыру орталығының директоры, кафедра меңгерушісі, бөлім басшысы. Бұл қызметтерде ол тек ғалым ғана емес, білікті ұйымдастырушы ретінде де танылды.

Ол – 200 - ден астам ғылыми және әдістемелік еңбектің авторы, оның ішінде оқулықтар мен монографиялар бар. Ғылыми кадрлар даярлауға белсене қатысып, диссертациялық жұмыстарға оппонент болды.

Сонымен қатар, білім беру сапасын арттыру мақсатында ұлттық тестілеу жүйесін ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатысып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттарына ие болды. 2011 жылы «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталуы – оның ұстаздық еңбегінің жоғары бағалануы. 2021 жылы А.Байтұрсынов атындағы төс белгімен марапатталған. 2025 жылы (13.10. 2025) Университетке сіңірген зор еңбегі үшін Х.Досмұхамедов Алтын медалімен марапатталды. 2025 жылы Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым Академиясы. “Қазақстан жоғары мектебінің Еңбек сіңірген қайраткері“ (№40) төс белгісімен марапатталды.

Өмірбаян



София Зұлқарнайқызы Сағындықова – 1956 жылы 2 ақпанда Гурьев қаласында дүниеге келген. Мектеп қабырғасынан бастап үздік білім көрсетіп, болашақ ғылым жолына нық қадам жасады.

1978 жылы Гурьев педагогикалық институтын үздік дипломмен тәмамдап, биология және химия пәндері бойынша мұғалім мамандығын алды. Алғашқы еңбек жолын осы оқу орнында бастап, кейін ғылыми ізденіске бет бұрды.

1984–1989 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аспирантурада білім алып, микробиология саласында терең ғылыми зерттеулер жүргізді. 1990 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ғылымдағы жолын жалғастырды.

2005 жылы «Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы сүт қышқылы бактерияларының алуан түрлілігі және олардың практикалық маңызы» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, биология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды.

София Зұлқарнайқызы – 300-ге жуық ғылыми еңбектің авторы. Оның ішінде оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, сондай-ақ көптеген патенттер бар. Ғылыми еңбектері халықаралық деңгейде жоғары бағаланып, беделді журналдарда жарияланған.

Ол – Халықаралық экология және тіршілік қауіпсіздігі академиясының (МАНЭБ) және Ресей жаратылыстану академиясының академигі, Халықаралық ISESKO (ИСЕСКО) сыйлығының лауреаты, ғылым мен білім саласындағы көптеген марапаттардың иегері.

Білім беру жүйесінде де үлкен тәжірибесі бар: университеттің проректоры, ректор міндетін атқарушы қызметтерін атқарып, жоғары білім беру саласының дамуына зор үлес қосты.

Қазіргі таңда профессор ретінде және «Биотехнология» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі ретінде ғылым мен білімді дамытуға өз үлесін қосып келеді.

Аманкелді Дулатұлы мен София Зұлқарнайқызы – тек әр салада табысқа жеткен ғалымдар ғана емес, бір шаңырақ астында ғылым мен білімнің қос қанатын қатар ұштастыра білген өнегелі отбасы.

Олардың өмір жолы – өзара қолдау мен түсіністіктің, ғылымға адалдықтың, ұстаздыққа деген шынайы сүйіспеншіліктің айқын көрінісі. Екеуі де өз саласында ғылыми мектеп қалыптастырып, жүздеген шәкірт тәрбиеледі.

Ғылымдағы ізденіс, ұстаздықтағы жауапкершілік, өмірдегі парасат – осы қасиеттер оларды биікке жетеледі.

Бүгінде олар Лаззат, Жанаргүл, Асылмұрат және Жадыра 4 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ата-ана. Балалары – ата-анасының тәрбиесі мен тәлімінің жемісі, өмірде өз орындарын тауып, ел игілігіне қызмет етіп жүрген азаматтар.

Бұл отбасы – білім мен тәрбиенің, сыйластық пен бірліктің жарқын үлгісі